15. Қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін беру қосылу жүзеге асырылатын Қорға қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін беру жөніндегі іс-шараларды, оларды орындау мерзімін және жауапты адамдарын, сондай-ақ қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) қосылу жүзеге асырылатын Қорға беретін құжаттар мен ақпараттың тізбесін анықтайтын жоспарға (бұдан әрі - іс-шаралар жоспары) сәйкес жүзеге асырылады.

16. Қорға бірнеше Қорлар қосылған жағдайда:

1) қосылатын Қордың зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін қосылу жүзеге асырылатын Қорға беру қосылу жүзеге асырылатын Қордың бірінші басшысының шешімімен бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады;

2) қосылу жүзеге асырылатын Қор әрбір қосылатын Қорға қатысты іс-шаралар жоспарын жеке-жеке жасайды.

17. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) зейнетақы активтерін қосылу жүзеге асырылатын Қорға беру Қағидалардың 21, 27, 29 және 32-тармақтарына сәйкес жасалған зейнетақы активтерін қабылдау-өткізу актілерімен ресімделеді.

18. Іс-шаралар жоспарында:

1) Қорлардың арасындағы ақпарат алмасу тәртібі;

2) қосылу жүзеге асырылатын Қордың автоматтандырылған ақпарат жүйесінің деректер базасында қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) ерікті зейнетақы жарналары салымшыларына (алушыларына) жеке зейнетақы шоттарын ашу және салымшылардың (алушылардың) осы жеке зейнетақы шоттарына зейнетақы жинақтарын аударуы;

3) қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) автоматтандырылған ақпарат жүйесінің деректер базасында ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарын жабуы;

4) қосылу жүзеге асырылатын Қордың қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарын есепке қоюы;

5) қосылу жүзеге асырылатын Қордың қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін қабылдау кезеңінде алынған зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштер бойынша қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) міндеттемелерін орындауы;

6) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін қабылдау-өткізу мақсатында Қорлардың бағдарламалық - техникалық құралдарының және автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

7) қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) және инвестициялық портфельді басқарушының (осындай бар болса) қосылу жүзеге асырылатын Қорға құжаттар мен ақпараттарды қағаз және электрондық тасымалдағыштарда беруі;

8) қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін қабылдау барысында қосылу жүзеге асырылатын Қордың қосылатын Қормен (қосылатын Қорлармен), қосылу жүзеге асырылатын Қордың кастодиан банкімен, қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) кастодиан банкімен, инвестициялық портфельді басқарушымен (осындай бар болса) өзара әрекеттесуін болжайтын басқа да іс-шараларды қоса ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) беруін және қосылу жүзеге асырылатын Қордың қабылдауын қамтамасыз ету үшін қажетті іс-шараларды өткізу (іске асыру) тәртібі көзделеді.

19. Қосылатын Қор (қосылатын Қорлар) және оның инвестициялық портфельді басқарушысы (инвестициялық портфельді басқарушылары) (осындай бар болса) тапсырады, ал қосылу жүзеге асырылатын Қор және оның инвестициялық портфельді басқарушысы (осындай бар болса) іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімде мынадай құжаттар мен ақпаратты қабылдайды:

1) ерікті зейнетақы жарналары есебінен қолданыстағы (ашық) шарттары бар ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарынан және оларға қатысты сақтандыру ұйымдарына зейнетақы жинақтарының төлемдері мен зейнетақы жинақтарының төлемдері жүзеге асырылған ерікті зейнетақы жарналарын алушылардың жеке зейнетақы шоттарынан ағымдағы және тарихи деректерді;

2) барлық қоса берілген құжаттармен ерікті зейнетақы жарналары есебінен қолданыстағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттардың және оларға қосымша келісімдердің түпнұсқаларын;

3) құжаттардың түпнұсқалары және қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) сақтандыру ұйымдарына бұрын жүргізген зейнетақы жинақтарының төлемдері мен зейнетақы жинақтарының аударымдары бойынша ақпаратты;

4) мыналарды қоса алғанда, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қосылатын Қордың инвестициялық қызметі жөніндегі құжаттарын:

инвестициялық комитеттің отырыстары хаттамаларының түпнұсқалары;

ұсынымдарды жасауда пайдаланылған құжаттар мен ақпаратты қоса бере отырып, қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға ұсынымдардың түпнұсқалары;

тәуекелді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшенің қаржы құралдарымен жасалған мәміле бойынша қорытындыларының түпнұсқалары;

инвестициялық шешімдердің түпнұсқалары;

қаржы құралдарымен мәмілелерді жасауға клиенттік тапсырыстарының (зейнетақы активтерін есепке алу үшін шот бойынша операцияларды жасауға бұйрықтардың) түпнұсқалары;

ұйымдастырылған, ұйымдастырылмаған нарықта, халықаралық (шетелдік) нарықта мәмілелер жасауды және тіркеуді растайтын құжаттардың түпнұсқалары (trade ticket, trade confirmation, биржа куәлігі, қаржы құралдарын сатып алу-сату шарты, клиенттік тапсырыстарды орындау (орындамау) туралы бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептері);

ол бойынша мәмілелер халықаралық (шетелдік) нарықта жасалған борыштық бағалы қағаздар шығарылымының индикативтік шарттары (бар болса);

екінші деңгейдегі банктермен банк салымдары шарттарының түпнұсқалары;

қабылданған инвестициялық шешімдердің, зейнетақы активтері есебінен жасалған және орындалған мәмілелердің журналдары (құжаттарды және ақпаратты қосылу жүзеге асырылатын Қорға беру күнінің алдындағы бес жылға);

зейнетақы активтері бойынша айналым - сальдо ведомостері (соңғы есепті күнге және құжаттар мен

ақпаратты қосылу жүзеге асырылатын Қорға беру күніне);

зейнетақы активтері бойынша бухгалтерлік баланс (соңғы есепті күнге және қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) қосылу жүзеге асырылатын Қорға ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін беру басталған күнге);

зейнетақы активтері бойынша пайдалар мен шығындар туралы есеп (соңғы есепті күнге және қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) қосылу жүзеге асырылатын Қорға ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін беру басталған күнге);

төлемдер бойынша ай сайынғы есептер;

қосылатын Қор (қосылатын Қорлар) қызметінің барлық кезеңінде инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы ай сайынғы анықтамалар;

зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептер (қосылатын Қор (қосылатын Қорлар) қызметінің барлық кезеңінде әрбір есепті айдың бірінші күніне және қосылу жүзеге асырылатын Қорға ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін беру басталған күнге);

комиссиялық сыйақы, зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы, зейнетақы активтері бойынша ақша қозғалысы бойынша салыстырып тексеру актілерін қоса, кастодиан банкпен салыстырып тексеру актілерінің түпнұсқалары;

ерікті зейнетақы жарналары есебінен сатып алынған қаржы құралдары бойынша эмитенттен берешектерді өндіріп алу жөніндегі құжаттардың түпнұсқалары (сот актілері, атқарушылық іс жүргізу жөніндегі құжаттар);

5) іс-шаралар жоспарында белгіленген тізбеге сәйкес өзге құжаттар мен ақпарат.

20. Қағидалардың 19-тармағы 1) тармақшасында және 4) тармақшасының оныншы абзацында көрсетілген ақпарат электронды тасымалдағыштарда ұсынылады.

Қағидалардың 19-тармағы 2), 3) және 4) (оныншы абзацты қоспағанда) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттар:

қағаз тасымалдағышта ұсынылады;

іс қағазға жылдар бойынша қалыптастырылады, нөмірленеді, тігіледі. Әрбір іс қағаз 180 парақтан аспайды және оған ішкі тізімдеме қосылады, ол қағаз тасымалдағышта екі данада жасалады (қосылу жүзеге асырылатын Қорға электронды нұсқасын беру арқылы), оған жасаушы оның лауазымын және қол қойған күнін көрсете отырып, қол қояды және қосылатын Қордың және инвестициялық портфельді басқарушының (осындай бар болса) мөрімен расталады.

Уақытша сақтау мерзіміндегі құжаттар Қағидалардың 19-тармағы 4) тармақшасына сәйкес сол тәртіппен, бірақ ішкі тізімдемені көрсетпей қалыптастырылады.

21. Қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) және оның инвестициялық портфельді басқарушысының (осындай бар болса) қосылу жүзеге асырылатын Қорға және оның инвестициялық портфельді басқарушысына (осындай бар болса) Қағидалардың 19-тармағында көзделген құжаттар мен ақпаратты электронды және қағаз тасымалдағыштарда беруі Қорлардың, инвестициялық портфельді басқарушылардың (осындай бар болса) бірінші басшылары немесе олардың орнындағы адамдар қол қойған және олардың мөрлерімен расталған құжаттарды қабылдау-өткізу актілерімен ресімделеді.

Қағаз тасымалдағыштағы құжаттарды қабылдау-өткізу актілерінде іс қағаздар атауларының тізбесі, іс қағаздардың жылы және олардың әрбірі бойынша парақтарының саны көрсетіледі.

22. Қосылатын Қор (қосылатын Қорлар) қосылу жүзеге асырылатын Қорға ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін беру басталған күні мыналарды құрады және оларды қосылу жүзеге асырылатын Қорға электронды форматта жібереді:

1) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасаған ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) тізімі;

2) олардың зейнетақы жинақтарының сомалары «анықтағанға дейінгі басқа да сомалар» шотының есебінде тұрған ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) тізімі;

3) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданыстағы және тоқтатылған шарттар бойынша онымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының негізінде зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға байланысты ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының төлемдеріне арналған орындалған өтініштерінің тізімі;

4) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданыстағы және тоқтатылған шарттар бойынша ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының төлемдеріне арналған орындалған өтініштерінің тізімі;

5) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы тоқтатылған шарттар бойынша ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) тізімі;

6) кредиторлық берешегі өтелген зейнетақы жинақтарының сомалары «анықталғанға дейінгі басқа да сомалар» шотының есебінде тұрған салымшылардың (алушылардың) тізімі;

7) ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары жөніндегі, салымшылар (алушылар) деректемелерінің өзгеруі жөніндегі, қосылатын Қор қызметінің барлық кезеңінде жүзеге асырылған салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының бірігуі жөніндегі операциялар туралы ақпаратты.

23. Қосылу жүзеге асырылатын Қор қосылатын Қордан (қосылатын Қорлардан) Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген ақпаратты алған күні:

1) автоматтандырылған ақпарат жүйенің деректер базасында Қағидалардың 22-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ерікті зейнетақы жарналары салымшыларына (алушыларына) жеке зейнетақы шоттарын ашады;

2) қосылатын Қорға (қосылатын Қорларға) Қағидалардың 22-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ерікті зейнетақы жарналары салымшыларына (алушыларына) жеке зейнетақы шоттары ашылғандығы туралы ақпаратты жібереді.

24. Егер қосылу жүзеге асырылатын Қорда, салымшыда (алушыда) ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған бұрын ашылған жеке зейнетақы шоты бар болса, онда қосылу жүзеге асырылатын Қор жаңа жеке зейнетақы шотын ашпайды, салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын есепке алу үшін қосылу жүзеге асырылатын Қордағы ерікті зейнетақы жарналарын бұрын ашылған жеке зейнетақы шотына жүзеге асырылады.

25. Қосылатын Қор (қосылатын Қорлар) қосылу жүзеге асырылатын Қордың ұсынған ақпараты негізінде, автоматтандырылған ақпарат жүйесінің деректер базасында Қағидалардың 22-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарын жабуды жүзеге асырады.

26. Қосылатын Қор (қосылатын Қорлар) Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген тізімдерді электронды тасымалдағышта сақтайды және оны қосылу жүзеге асырылатын Қор тексереді.

Қосылу жүзеге асырылатын Қордың өкілдері тексерген соң қосылатын Қордың өкілдерін қатыстыра отырып, Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген тізімдердің қосымша көшірмелерін электронды тасымалдағышта жасайды, олар мөрмен басылады, пломба салынады және қабылдау-өткізу актісі бойынша беріледі.

Электронды тасымалдағыштардың мөрмен басылған, пломба салынған екі данасы қосылу жүзеге асырылатын Қорға жіберіледі, мөрмен басылған, пломба салынған электронды тасымалдағыштардың бір данасы жұмыс үшін қалдырылады, екінші данасы тұрақты негіздегі резервтік көшірме ретінде сақталады.

27. Қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) қосылу жүзеге асырылатын Қорға Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген ақпаратты беру қосылу жүзеге асырылатын Қордың және қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) бірінші басшыларының немесе олардың орнындағы адамдардың қолы қойылған және олардың мөрлерімен расталған қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді.

28. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) инвестициялық портфелін құрайтын қаржы құралдары туралы ақпарат қосылу жүзеге асырылатын Қорға және қосылу жүзеге асырылатын Қордың кастодиан банкіне қосылу жүзеге асырылатын Қор әзірлеген форматына сәйкес электрондық түрде жіберіледі.

29. Қағидалардың 28-тармағында көзделген ақпаратты беру қосылу жүзеге асырылатын Қордың, қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың), қосылу жүзеге асырылатын Қордың кастодиан банкінің, қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) кастодиан банкінің, инвестициялық портфельді басқарушылардың (осындай бар болса) бірінші басшылары немесе олардың орнындағы адамдар қол қойған және олардың мөрлерімен расталған қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді.

30. Қағидалардың 28-тармағында көзделген ақпаратты қабылдау-өткізу актісінде мынадай мәліметтер бар:

1) беру күніндегі зейнетақы активтерінің жалпы сомасы, оның ішінде:

шоттардағы ұлттық және шетел валютасындағы инвестицияланбаған ақша қалдығы;

ұлттық сәйкестендіру нөмірін, айналыс мерзімін, санын, сатып алу бағасын, акция үшін бір бағалы қағаздың ағымдық құнын және облигациялар үшін номиналдың пайыздармен бағасын, пайыздар мен дивидендтер бойынша есептелген кірісті көрсете отырып, жіберілетін бағалы қағаздардың жиынтық құны;

банктің атауын, салым сомасын, банктік салым шартын жасау күнін, шарттың қолданылу мерзімін, салым бойынша сыйақының жылдық ставкасын, салым бойынша есептелген және алынған сыйақы сомасын көрсете отырып, екінші деңгейдегі банктердегі салымдар;

осы қаржы құралдарына тән сомаларды, санды және қосымша сипаттамаларды көрсете отырып, басқа қаржы құралдарының тізбесі;

2) зейнетақы активтері бойынша талаптар сомасы, оның ішінде қате есептелген сомалар;

3) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерді берген күннің алдындағы күннің соңындағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігі құнының есебі.

31. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі кастодиан банктің жеке шоты аясында ашылған қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) қосалқы шотынан бағалы қағаздарды есептен шығару және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі қосылу жүзеге асырылатын Қордың кастодиан банкінің жеке шоты аясында ашылған қосылу жүзеге асырылатын Қордың қосалқы шотына есепке алу операцияларын орталық депозитарий Қордың (қосылатын Қорлардың) кастодиан банкінің (кастодиан банктерінің) және қосылу жүзеге асырылатын Қордың кастодиан банкінің екі қарсы бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.

Қаржы құралдарын аударым жасауды тіркеу бұйрығының нысаны Қағидалардың 2-қосымшасында анықталған.

32. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі кастодиан банктің жеке шоты аясында ашылған қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) қосалқы шотынан бағалы қағаздарды есептен шығару және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі қосылу жүзеге асырылатын Қордың кастодиан банкінің жеке шоты аясында ашылған қосылу жүзеге асырылатын Қордың қосалқы шотына есепке алу операциялары тіркелгеннен кейін орталық депозитарий (орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ескерілген қаржы құралдары бойынша), қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) және қосылу жүзеге асырылатын Қордың кастодиан банктері қосылу жүзеге асырылатын Қордың қосалқы шотындағы бағалы қағаздар қалдықтарын қосылатын Қордың қосалқы шотындағы есептен шығарылған бағалы қағаздар қалдықтарымен салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

Салыстырып тексеру салыстырып тексеруге қатысатын тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және тараптардың мөрімен расталған қабылдау-өткізу актімен ресімделеді.

33. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы активтерін беруге байланысты шығыстар қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) және қосылу жүзеге асырылатын Қордың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта
ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру және
қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы
қорының зейнетақы активтерін қайта
ұйымдастырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы
қорына беру қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын бақылау
мен қадағалау комитетінің
Төрағасына

*Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды*
*жүргізуге рұқсат алу туралы*
*өтінішхат*

_______________________________________________________________________________

_______________________________________________________________________________

__________________Қордың атауы)

Қор акционерлерінің ___ жылғы «___» ______ жалпы жиналысының № ___ шешіміне сәйкес

_______________________________________________________________________________

(өткізілген орын)

_______________________________________________________________________________

_______________________________________________________________________________

(қайта ұйымдастырылатын Қордың атауы)

Қорды қайта ұйымдастыруға рұқсат беруді сұрайды.

Қор өтінішхатқа қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігіне, сондай-ақ өтінішхатты қарауға байланысты сұралатын қосымша ақпараттың және құжаттардың уәкілетті органға уақтылы берілуіне толығымен жауап береді.

Қоса берілген құжаттар (жіберілген құжаттардың атаулы тізбесін, әрқайсысы бойынша дана және парақ санын көрсету керек):

Қордың акционерлері атынан ұсынылған уәкілетті тұлға (тегі, аты, (бар болса - әкесінің аты), аталған өкілеттіктерді алуға негіздеме болып табылатын құжатқа сілтеме).

__________________________ _________

(қолы) мөр

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта
ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру және
қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы
қорының зейнетақы активтерін қайта
ұйымдастырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы
қорына беру қағидаларына
2-қосымша

Нысан

*Қаржы құралдарын*
*«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ға аударуды тіркеуге бұйрық*

Күні ______________ Шығыс нөмірі ____________

Депоненттің толық атауы

_______________________________________________________________________

Есептеу күні | | / | | | / | | | | | |

Қатысушылардың қосалқы шоттарының нөмірлері

Жөнелтушінің қосалқы шотының нөмірі | | | | | | | | | | |

Алушының қосалқы шотының нөмірі | | | | | | | | | | |

Қаржы құралдарының деректемелері

| р/с № № | Сәйкестендіру нөмірі (ҰСН, ISIN немесе өзге де сәйкестендіргіш) | Саны |
|---|---|---|
| 1 | | |
| 2 | | |
| … | | |

Бірінші қол ____________________
Екінші қол _____________________

Мөр орны

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2013 жылғы 25 желтоқсан № 290

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Зейнетақы активтерінің есебінен иемденуге рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту және жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормаларды белгілеу туралы» 2013 жылғы 25 ақпандағы № 70 қаулысына өзгеріс енгізу туралы*

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Зейнетақы активтерінің есебінен иемденуге рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту және жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормаларды белгілеу туралы» 2013 жылғы 25 ақпандағы № 70 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8414 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2013 жылғы 5 маусымда № 81 (2282) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және:

2013 жылғы 25 қаңтардан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылатын 5-тармақтың төртінші абзацын;

2013 жылғы 1 ақпаннан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылатын 1-тармақтың 1) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 2) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 2-тармақтың бірінші бөлігін, 3, 4 және 7-тармақтарын;

2013 жылғы 25 ақпаннан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылатын 1-тармақтың 1) тармақшасының сегізінші, тоғызыншы, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші және отыз сегізінші абзацтарын, 2) тармақшасының сегізінші, тоғызыншы, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы және отыз жетінші абзацтарын;

2013 жылғы 11 наурыздан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылатын 1-тармақтың 1) тармақшасының он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші және жиырма екінші абзацтарын, 2) тармақшасының оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы және жиырма бірінші абзацтарын;

осы қаулы күшіне енгеннен кейін қолданысқа енгізілетін 5-тармақтың екінші және үшінші абзацтарын қоспағанда, 2013 жылғы 24 қаңтардан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады;

және 2014 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады.

Осы қаулының 1-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацы 2013 жылғы 1 ақпаннан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады және 2013 жылғы 18 ақпанға дейін қолданылады.

Осы қаулының 1-тармағы 1) тармақшасының оныншы абзацы 2013 жылғы 1 ақпаннан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады және 2013 жылғы 11 наурызға дейін қолданылады.

Осы қаулының 6-тармағы 2013 жылғы 1 ақпаннан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады және осы қаулы күшіне енгенге дейін қолданылады.»

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылғы 27 желтоқсанда № 9036 тіркелді.*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2013 жылғы 27 тамыз № 227

*Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы*

«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мына:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесі;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің құны туралы есеп;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп;

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сыртқы басқарудағы активтер туралы есеп;

5) осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының/алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп;

6) осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының/алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі және саны туралы есеп;

7) осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары салымшыларының/алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі және саны туралы есеп;

8) осы қаулының 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының/алушының тұрғылықты жері бойынша) міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының /алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп;

9) осы қаулының 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша зейнетақы төлемдері туралы есеп;

10) осы қаулының 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп;

11) осы қаулының 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен жасалған «кері РЕПО» және «РЕПО» операциялары туралы есеп;

12) осы қаулының 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ағымдағы шоттарында меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар мен ақша туралы есеп;

13) осы қаулының 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп;

14) осы қаулының 14-қосымшасына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

1) ай сайын осы қаулының 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген есептілікті - есепті айдан кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей;

ай сайын осы қаулының 1-тармағының 3), 5), 6), 7), 8), 9) 10), 11), 12) және 13) тармақшаларында көзделген есептілікті - есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) апта сайын осы қаулының 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген есептілікті - аптаның екінші жұмыс күніндегі жағдай бойынша есепті аптадан кейінгі аптаның үшінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 22 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасы Статистика агенттігімен 2013 жылғы 25 қыркүйекте келісілді.*
*Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылғы 29 қазанда № 8856 тіркелді.*

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 227 қаулысына
1-қосымша

*Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесі*

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі - қор) есептілігіне:
1) зейнетақы активтерінің құны туралы есеп;
2) зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп;
3) сыртқы басқарудағы активтер туралы есеп;
4) міндетті зейнетақы жарналары салымшыларынын/алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп;
5) ерікті зейнетақы жарналары салымшыларынын/алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі және саны туралы есеп;
6) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары салымшыларының /алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі және саны туралы есеп;
7) Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының /алушының тұрғылықты жері бойынша) міндетті зейнетақы жарналары салымшыларынын/алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп;
8) зейнетақы төлемдері туралы есеп;
9) меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп;
10) меншікті активтер есебінен жасалған «кері РЕПО» және «РЕПО» операциялары туралы есеп;
11) екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ағымдағы шоттарында меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар мен ақша туралы есеп;
12) басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп кіреді.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 227 қаулысына
2-қосымша

*Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан*
*Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп*

Есепті кезең: 20__жылғы __________

Индекс: 1-ENPF_PA
Кезеңділігі: ай сайын
Ұсынатындар: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры
Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ұсыну мерзімі - ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 20 жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан
(теңгемен)

| №<br>р/с | Көрсеткіш | күн, ай, жыл | … | … | күн, ай, жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | 2. | 3. | … | … | … |
| 1. | Инвестициялық шоттардағы күн басындағы қалдық, оның ішінде: | | | | |
| 1.1 | теңгемен | | | | |
| 1.2 | шетел валютасында | | | | |
| 2. | Инвестициялық шоттарға келіп түскен күн соңындағы ақша, оның ішінде: | | | | |
| 2.1 | теңгемен | | | | |
| 2.2 | шетел валютасында | | | | |
| 3. | Инвестициялық шоттардан шығарылған күн соңындағы ақша, оның ішінде: | | | | |
| 3.1 | теңгемен | | | | |
| 3.2 | шетел валютасында | | | | |
| 4. | Инвестициялық шоттардағы күн соңындағы қалдық ((1)+(2)-(3)), оның ішінде: | | | | |
| 4.1 | теңгемен | | | | |
| 4.2 | шетел валютасында | | | | |
| 5. | Күн соңындағы сыртқы басқарудағы активтер сомасы, оның ішінде: | | | | |
| 5.1 | теңгемен | | | | |
| 5.2 | шетел валютасында | | | | |
| 6. | Басқа активтердің күн басындағы құны, оның ішінде: | | | | |
| 6.1 | теңгемен | | | | |
| 6.2 | шетел валютасында | | | | |
| 7. | Басқа активтердің күн соңындағы құны, оның ішінде: | | | | |
| 7.1 | теңгемен | | | | |
| 7.2 | шетел валютасында | | | | |
| 8. | Қаржы инвестицияларының күн басындағы барлық құны, оның ішінде: | | | | |
| 8.1 | туынды қаржы құралдары | | | | |
| 9. | Күн соңындағы келіп түскен қаржы құралдары | | | | |
| 10. | Күн соңындағы шығарылған қаржы құралдары | | | | |
| 11. | Күн соңындағы қаржы инвестицияларының барлық құны ((8)+(9)-(10)+(12)-(12.4.1)), оның ішінде: | | | | |
| 11.1 | туынды қаржы құралдары | | | | |
| 12. | Күн соңындағы есептелген инвестициялық кіріс (шығыс), оның ішінде: | | | | |
| 12.1 | Қаржы құралдары бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (шығыстар) | | | | |
| 12.2 | Әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен кірістер (шығыстар) | | | | |
| 12.3 | Басқа активтер құнының өзгеруінен түскен кірістер (шығыстар) | | | | |
| 12.4 | Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер (шығыстар), оның ішінде: | | | | |
| 12.4.1 | Инвестициялық шотындағы ақшаны және басқа да активтерді қайта бағалаудан түскен кірістер (шығыстар) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12.4.2 | Қаржы инвестицияларын қайта бағалаудан түскен кірістер (шығыстар) | | | | |
| 12.5 | Бағалы қағаздардың құнсыздануынан ықтимал шығындарды жабуға арналған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруге (қалыптастыруға) байланысты кірістер (шығыстар) | | | | |
| 12.6 | Басқа да кірістер (шығыстар) | | | | |
| 13. | Күн соңындағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құнының жиынтығы ((4)+(5)+(7)+(11)) | | | | |
| 14. | Күн соңындағы зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы, оның ішінде: | | | | |
| 14.1 | есептелген | | | | |
| 14.2 | төленген | | | | |
| 15. | Зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақылар бойынша берешектің қалдығы | | | | |
| 16. | Күн соңындағы инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы, оның ішінде: | | | | |
| 16.1 | есептелген | | | | |
| 16.2 | төленген | | | | |
| 17. | Инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы | | | | |
| 18. | Күн соңындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептеген зейнетақы активтеріне жататын зейнетақы міндеттемелері, оның ішінде: | | | | |
| 18.1 | қате (дұрыс есепке алынбаған) сомалар | | | | |
| 18.2 | төлемдер мен аударымдар | | | | |
| 18.3 | басқалар | | | | |
| 19. | Күн соңындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры орындаған зейнетақы активтеріне жататын зейнетақы міндеттемелері: | | | | |
| 19.1 | инвестициялық шоттан қате (дұрыс есепке алынбаған) сомалар | | | | |
| 19.2 | төлемдер мен аударымдар | | | | |
| 19.3 | басқалар | | | | |
| 20. | Күн соңындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы міндеттемелерінің қалдығы | | | | |
| 21. | Күн соңындағы зейнетақы активтері бойынша міндеттемелердің жиынтығы ((15)+(17)+(20)) | | | | |
| 22. | Күн соңындағы «таза» зейнетақы активтерінің құнының жиынтығы ((13)-(21)) | | | | |
| 23. | Нарықтық валюта айырбастау бағамы | | | | |

Бірінші басшы (ол болмаған кезде - оның орнындағы адам)
______________________________________________________________
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер __________________________________________________
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы:

_________________________________ _______________ ________________________
(лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20___ жылғы «___» __________
Мөр орны

Әкімшілік деректер
жинауға арналған
«Зейнетақы активтерінің
құны туралы есеп»
нысанына
қосымша

*Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме*

Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме «Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп» нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Нысанды ай сайын жасайды және есепті кезеңнің әрбір күніне толтырылады. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған жағдайда - оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## 2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан есепті айдың әр күніне толтырылады. «Күн, ай, жыл» көрсеткіштері бойынша ақпарат «күн. ай. жыл» форматында толтырылады.

6. 1.2, 2.2, 3.2, 4.2, 5.2, 6.2 және 7.2 жолдарында теңгеге балама сомалары көрсетіледі.

7. 5-жолы бойынша мәліметтер Сыртқы басқарудағы активтер туралы Есептің деректеріне сәйкес көрсетіледі.

8. 7-жолда көрсетілген есепті кезең соңындағы басқа активтердің тізбесі Нысанға ескертуде көрсетіледі.

9. 9-жолды толтырған кезде нақты шығындар бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша мәліметтер көрсетіледі. Мәміле жасаған кезде болған шығында (тікелей қаржы құралдарын сатып алумен байланысты), оның ішінде агенттерге, консультанттарға, брокер (дилерлерге) төленген сыйақылар мен комиссиялық сыйақылар, қор биржаларының алымдары, сондай-ақ аударымдар бойынша банктік шығыстар осы қаржы құралдарының құнына қосылады. Сондай-ақ, қаржы құралдарының құнына сатып алу сәтіне дейінгі кезеңге (ол болған кезде) есептелген сыйақы қосылады.

10. 10-жолды толтырған кезде өткізілген немесе өтелген қаржы құралдары туралы мәліметтер нақты өткізу немесе өтеу құны бойынша көрсетіледі.

11. 11-жол бойынша мәліметтер зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы Есеп деректеріне сәйкес көрсетіледі.

12. 12.5-жолын толтырған кезде резерв айына бір рет оны қалыптастыру күнінің соңына көрсетіледі.

13. 12.6-жолын толтырған кезде алынған кірістер көздерінің тізбесі және зейнетақы активтерінің құнына енгізілген шыққан шығындар туралы мәліметтер қоса беріледі.

14. 15 және 17-жолдарын толтырған кезде есепті кезең соңындағы деректерді ескере отырып, комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы өсу қорытындысымен көрсетіледі.

15. 14 және 16-жолда бірыңғай жинақтаушы қорының комиссиялық сыйақысының сомасы көрсетіледі.

16. 18.2 және 19.2-жолдарын толтырған кезде ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына, сақтандыру ұйымдарына зейнетақы жинақтары аударымдарының сомалары, алушыларға және басқа да тұлғаларға төленген сомалар, зейнетақы төлемдерінен табыс салығы сомалары көрсетіледі.

17. 13-жолда бухгалтерлік есепте көрсетілген құн көрсетіледі.

18. 18.3 және 19.3-жолдарын толтырған кезде Нысанға зейнетақы активтерінің құнына кіретін міндеттемелердің тізбесі қоса беріледі.

19. 23-жолды толтырған кезде Нысанда пайдаланылған есепті күндегі валюта айырбастаудың нарықтық бағамдары әр валюта бойынша жеке көрсетіледі (валюта кодтары 07 ИСО 4217-2001 «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктемесіне сәйкес көрсетіледі.

20. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықпен көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 227 қаулысына
3-қосымша

*Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан*
*Зейнетақы активтері инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп*

Есепті кезең: 20__жылғы «___» _______

Индекс: 2-ENPF_SPPA
Кезеңділігі: апта сайын /ай сайын
Ұсынатындар: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры
Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ұсыну мерзімі - апта сайын, есепті аптадан кейінгі аптаның үшінші жұмыс күнінен кешіктірмей /ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан
1-кесте

**Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар**

(теңгемен)

| № р/с | Эмитенттің атауы | Экономикалық қызмет түрі | Эмитенттің елі | Бағалы қағаздың түрі | Ұлттық сәйкестендіру нөмірі немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Қазақстан Республикасының бағалы қағаздары | | | | |
| 1.1. | | х | | | |
| … | | х | | | |
| 2. | Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары | | | | |
| 2.1. | Екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары | | | | |
| 2.1.1. | | | | | |
| … | | | | | |
| 2.2. | Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары | | | | |
| 2.2.1. | | | | | |
| … | | | | | |
| 3. | Шет мемлекеттерінің бағалы қағаздары | | | | |
| 3.1. | | х | | | |
| … | | х | | | |
| 4. | Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары | | | | |
| 4.1. | | х | | | |
| … | | х | | | |
| 5. | Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары | | | | |
| 5.1. | | х | | | |
| … | | х | | | |
| 6 | Инвестициялық қорлардың пайлары | | | | |
| 6.1. | | | | | |
| … | | | | | |
| | Жиынтығы: | х | | | |

*кестенің жалғасы:*

| Бағалы қағаздардың саны (дана) | Номиналдық құны | | Төлем валютасы | Бір бағалы қағаздың сатып алу бағасы | | Кезең | | Бағалы қағаздың сатып алу құны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | валюта | бір бағалы қағаздың құны | | барлығы (теңгемен) | номиналдық құн валюта-сында | есепке алынған күні | өтеу құны | |
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |

*кестенің жалғасы:*

